

**A. K. Fұмарова, ҚР ІІМ Алматы академиясының З-басам тыңдаушысы
Ғылыми жетекші: А. Н. Нұрболатов, ҚР ІІМ Алматы академиясының
екімшілік құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ: ТУСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕС ЖОЛДАРЫ

Сыбайлас жемқорлықтың негізгі түсінігі 1998 жылы 2 шілдеде қабылданған «Сыбайлас Жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заңында көрсетілген. Заңын 2 бабында қөрсетілгендей Сыбайлас Жемқорлық дегеніміз- осы заңда мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай- ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделген мүліктік иғіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған иғіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы олардың сатып алуы деп ұғынылады. ООН анықтама құжатында халықаралық сыбайлас жемқорлық-пен күресуде, оның анықтамасын «Өзінің жеке пайдасын алуға мемлекеттік билікті теріс пайдалану» деп ұғынылады. Сыбайлас жемқорлықтың субъектісі ретінде — лауазымды тұлғалар, басқа жағынан заңды және заңсыз жеке сектордың өілдері болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың объектісі болып — заңмен орнатылған және қорғалатын қоғамдық және әлеуметтік қатынастар.

Қызыметтік салаларына байланысты сыбайлас жемқорлықты келесі түрлерге бөлуге болады:

1. Мемлекеттік атқару саласындағы сыбайлас жемқорлық.
2. Парламенттік сыбайлас жемқорлық.
3. Өндірістік сыбайлас жемқорлық.

Кез келген мемлекеттің қажеттілігінің бірі оның тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің кепілі. Қазақстан Республикасының тәуелсіз егеменді мемлекет ретінде дамуының басты шарты сыртқы қауіпсіздік, мемлекеттік егемендік, Конституциялық тұрақтылық, мемлекет аумағының тұтастығы, қол сұғылмауы және бөлінбеуі болып табылады. Қазақстан көптеген әлем мемлекеттері сияқты, өзінің таралуы мен салдарының деңгейімен, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруіне басты факторға айналған сыбайлас жемқорлықтан қаша алмады.

Осы қауіп қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу олардың жасалуына айышты адамдарды жауапқа тартуды өз құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік органдары, ішкі істер, салық, кеден, шекара қызыметтері, қаржы полициясы мен әскери полицияоргандары жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлық экономикалық заңдардың еркін жүргізуіне кедергі келтіреді, шетелдік инвестицияға басты кедергі болып табылады, қоғамда политикалық тұрақтылыққа және ең бастысы адамдардың құқықтары мен бостандықтарына және заңды мүдделеріне нұқсан келтіреді.

Осы тақырыпқа қатысты өткізілген көптеген конференциялар, дәнгелек үстелдер, әртүрлі деңгейдегі халықаралық кездесулер, ғылыми жұмыстар өткізіліп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көптеген қаражат пен күш жұмсалуда. Бұл жұмыстардың өткізу нәтижесі әртүрлі саладағы құрылымдық шешімдердің қабылдануының өсуіне әкеleп соғатын себептерді анықтайды. Осындағы себептерге мыналарды жатқызуға болады: экономикада нарықтық қатынастардың дұрыс жетілмеуі; заңдылықтардағы кемшиліктер; азаматтардың әдепті, ұстымдарының қалыптастыруындағы кемшиліктері, мүліктік жіктеушілік.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте әртүрлі әдістер ұсынылған, заңды жетілдіруді қоса, барлық нормативтік актілерді қайта қарau, ерікті немесе ерікті емес сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасауы; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүргіzetін арнайы және Құқық қорғau органдарының функцияларының шектелуі мен нақтылануы; әлеуметтік мәселелерді шешу; сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жауаптылығын қатайтыру т. б.

Сондай ақ осы зұлыммен күресуде мемлекеттің заңдылық база, құқық қорғau органдары, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен күресуге саяси ниетінің болуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін емес, оны тек бақылау қажет, яғни қадағалау керек, И. И. Роговтың айтуышта мемлекет барда сыбайлас жемқорлық болды, бар, болады. Оның тек қандай мөлшерде және турде болатыны. Осыдан біз әділетті адамды керек емеспіз, біз олардың қалыптасуына механизм жасауымыз керекпіз. Сыбайлас жемқорлықтың көлемі мен бұзы күші мемлекеттік органның қызметі мен оны қызметкерлерінің заңдылық принциптерінің сәйкес немесе сәйкес еместігіне тәуелді емес, сонымен қатар экономикалық деңгейінің, қоғамның политикалық және мәдени дамуының, қоғамның сыбайлас жемқорлық-қа қарсы тұруының мүмкіншілігі өкінішке орай сыбайлас жемқорлық өмірлік мәселелерді шешуде, өзінің белгілі бір мақсатқа жету үшін мемлекеттік қызметкерлер арасындаған емес, сонымен қатр қарапайым азаматтардың да шешу құралы болып табылады. Соңдықтан онымен құресуде көпшілік қарсыласудың тәмен деңгейде болуы, сыбайлас жемқорлықтың өршүіне әкеп соғып жатыр.

Сыбайлас жемқорлықпен құресуде тікілей бағытталған мемлекеттік саясатта, ең алдымен нормативтік құқықтық база құрылуы тиіс және оны әрі край жетілдірілуі керекпіз. Қазақстан посткенестік мемлекеттердің арасында ең алғаш рет сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдылықты қабылдауды және халықаралық қонвенцияларға қосылды. Сонымен қатар президент өзінің Қазақстан халқына жолдауында көрсеткендей Біз халықаралық үйымдармен қажетті деңгейде жұмыс жасап жатқан жоқпыз, осы мәселемен айналысып жатқан, бізге баға беріп, біздің берген ақпараттар бойынша негізделеді. Уақыт өте келе жағдай өзгерді, қазіргі заңдылыққа талдау мен жетілдірілуі керек. Барлық нормативтік актілер қайта қаралуы керек.

Ең алдымен біздің байқайтынымыз сыбайлас жемқорлықпен құресуде барлық органдардың құресуі және өзара келіспеушілігі жағдайды күрделендіріледі, тұтас үйлесімді органның жоқтығы осының нәтжесінде көрініс табады. Осыған байланысты мемлекет басшысы қауіпсіздік кенесін құрды оларға құресуде толық және жақты жұмыс істеуге кең өкілеттік берілді. Осылай көптеген қазақстандықтар ұлықтанған шенеуніктердің әшкерелуінің күэгері болды.

Мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік жүріс тұрысын реттейтін Қазақстан республикасы президентінің жылы мамырдағы жарлығымен бікітілген КР ар нағыс кодексі болып табылады. Кодексте маңызды мәселелер қарастырылған:

1. Мемлекеттік қызметтің тиімділігін күшету.
2. Мемлекеттік қызметтің қызметтік міnez құлық принципін қатайтыру.
3. Мемлекеттік қызметтің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушының болдырмауының алдың ала қамтамасыз ету.
4. Мемлекеттік органға деген азаматтардың сенімін күшету.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құресандылығы мемлекеттік қызметтер арасындағы тәртіпті қатайтыруды осыған байланысты мемлекеттік қызметке кез келген адамды алу қысқарды, туыстық байланыстары арқылы мемлекеттік қызметке кіруде арнайы тексеріс жүргізіледі.

Шешу жолдары:

Бланкеттік сілтеме құқықтық нормативтік актілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес-ті реттейтін бірыңғайландырылған халықаралық шарттармен келісімдермен.

Мемлекеттік интернет портал бағдарламасы. Бұл бағдарламаның жүзеге асуының басты себебі мемлекеттік органның қызметіне бірыңғай ақпаратты болуы.

Интерактивтік қызмет ету жүйесінің жетілдірілуі.

Сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылықта соттық тәжіребеде көптеген тәмengі сатыдағы мемлекеттік қызметкерлердің жасалғандығы. Мемлекеттік қызметтегі жоғары кәсіптік міндеттерді жүктейтін жалпы шаралар жүргізу және еңекақыларын іскерлік қасиеттеріне байланысты әділетті баға беру арқылы реттеу.

Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайлары мен оның деңгейімен айқындау.

Азаматтардың қоғам институтының қатысуымен мемлекеттік саясат механизімін құру.

Халықаралық қатынастарды нығайту.

Сыбайлас жемқорлық мемлекет қауіпсіздігіне зиян келтіретін, мемлекеттің әлеуметтік экономикалық көрсеткішіне кері әсерін тигізетін, сонымен қатар халықаралық аренада мемлекет атағына нұқсан келтіреді.